

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OIEC4883>**Б. С. Бегманова, Б. М. Сұлтанова**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**Б. НҰРЖЕКЕҰЛЫНЫҢ «КҮТУМЕН КЕШКЕН ҒҰМЫР»
РОМАНЫНДАҒЫ ЗАМАНА БЕЙНЕСІ**

Мақалада ұлттық әдебиетіміздің көркемдік дамуында өзіндік қолтаңбасымен дараланып, қазақ сөз өнеріне өлшеусіз үлес қосып жүрген қарымды қаламгеріміздің бірі Б. Нұржекеұлының қаламынан туған «Күтумен кешкен ғұмыр» атты романы талданады.

Көркем әдебиетте өмірдің сан қырлы жақтары суреттеліні айқын. Оқырман тарихтың өткені мен бүгінін шығарма арқылы танып, біліп отырады. ХХ ғасырдың жетпісінші жылыдары әдебиетке қадам басып, қазақ прозасына өзіндік ерекшелігімен тың, соны соқпақ салып, өзіндік қолтаңбасымен дараланып көрінген жазушы қазақ прозасында қатарласынан басқаша ой түйге, тың жол ашуға ұмтылды. Қаламгердің қаламынан туған прозалық шығармалары бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған табысты еңбек болып табылады. Қазақ әдебиетінде тың идеяларымен танылып келе жатқан қаламгердің өмірді өзінше көріп-тануға, өзінше бейнелеуге ұмтылысы, ешкімге ұқсамайтын кейіпкерлер галереясы жасалған шығармалармен оқырман жүрегінен жылы орын ала білді. Жазушының қаламынан туған «Күтумен кешкен ғұмыр» романы өткен ғасырдың басындағы қазақ даласында орын алған үлкен өзгерісті, қазақ халқының басынан өткен сан түрлі тарихи оқиғаларды сөз етеді. Тұрмыс-салтын берік ұстанған, ұлттық менталитеті айқын, ұлттық болмысы мықты қазақ халқының басынан өткен ауыр тарихи шындықты көркем шығармаға айналдыра білген.

Кілтті сөздер: проза, роман, тарих, әдебиеттану, теория, көркем шығарма, сюжет.

Кіріспе

Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының қаламынан туған «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір өкініш, бір үміт», «Жау жағадан алғанда», «Ерлі-зайыптылар» романдары мен «Кінәлі махаббат», «Арыз», «Кәріс қызы» повестері, әр

жылдары жарық көрген «Күй толғақ», «Жастық жыл құсы емес», «Кәрі қыз», «Қамыт жағалы қоңыр көйлек», «Бейтаныс әйелдің құпиясы», «Қырғыз келіншек», «Мұнтаздай Мұмтаз» т.б. әңгімелері қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған қомақты табыс болып саналады. Жазушы Б. Нұржекеұлы қоғамның әр кезеңінде орын алған өзекті проблеманы көркем шығармаға айналдырып, тағдырдың тәлейіне ұшыраған кейіпкерлер болмысын шынайы өмірдегідей суреттеп көрсетуде жазушылық шеберлігін көрсете білген. Қарымды қаламгердің қаламынан туған әрбір шығарма әр түрлі кезеңнен сыр шертсе де, ондағы сюжеттің тартымдылығы, қым-қиғаш тартыс, кейіпкерлер тағдыры, шығарманың тілі оқырманын бірден баурап алады.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Б. Ыбырайым «Қандай көркем туындының болсын бағалылығы – суреттелген образдар мен олардың іс-әрекетінің шынайылығында» [1, 10 б.] деп атап көрсеткен.

Зерттеудің нысаны: Қазіргі қазақ тарихи романы.

Зерттеудің пәні: қазіргі қазақ әдебиеті

Мақсаты: Қазіргі ұлттық әдебиеттегі тарихи сабақтастықты, шығармаларының басты идеялық бағытын, тақырыптық, мазмұндық мақсатын ұғындыру, тиянақталған зерттеу проблемаларын меңгерте отырып, әдеби, тарихи мәселелерін терең қарастырады.

Міндеттері:

- Тарихи оқиғаларға жаңаша баға берген шығармалармен танысып, тарихи тұлғаларды сараптау;
- Романның тақырыбын, идеясын, көтерген мәселелерін анықтау, ғылыми тұрғыдан баға беру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

«Романда суреттелетін өмір шындығының эпикалық кеңдігі ондағы характерлер байлығымен тұтасып жатады» [2, 366 б.]. Жазушының «Күтумен кешкен ғұмыр» романында кеңес өкіметінің орнар алдындағы қазақ ауылының мамыражай тыныс-тіршілігі ұлттық салт-дәстүрді берік ұстанған өмірімен ерекше суреттеледі. Романда қазақ халқының өмірі, ұлттық характері, ұлттық болмысы, ауыл адамдарының ауызбіршілігі мен әдет-ғұрпы, ұстанған халық бірлігі мен сол кезеңдегі заман бейнесі суретті сөзбен шебер берілген. Дәстүрлі үлгімен жазылған романның да өзіндік ұстанымы – дауылды сәттің алдындағы қазақы тұрмыс-тіршіліктің әрбір деталі терең сырды ұқтырғандай. Романда заман бейнесі басты кейіпкер Әтіке арқылы, оның іс-әрекеті арқылы шынайы бейнеленген. «Көркем бейненің жалпылық қыры оның жекелік, жалқылық қырынан туындайтын және сол сипатымен сабақтасып жатқан ерекшелігі» [3, 43 б.]. Сыртқы болмысына ішкі жандүниесі сай жаратылған Әтіке елінің,

туған жерінің қадыр-қасиетін бағалай білетін, сонымен қатар, тектілігі бойында қанымен тараған, ақындығы мен әншілік өнерімен еліне, жеріне, арысы қазақ халқына танылған ерекше тұлға. Әтіке замандастарынан дара туған, заманның алма ғайып кезеңінде өмір сүрген, кең даланы шарласам, ән боп шалқып, күй боп тербелсем дейтін, жас жігіттің арманына қатал өмір ырық бермеген, туған жер, өскен ортада қуаныш тапаған, белгісіз кеткен Әтіке. Яғни, Әтіке өмірі сол заманның трагедиясы. Халықтың талантты ұлын сыйғызбаған бұл кезең жақындап келе жатқан үлкен дауылдың, қазақ жеріндегі дүбірлі өзгерістің қарсаңы еді. Роман жайлы әдебиеттанушы ғалым Г. Орда «Құтүмен кешкен ғұмыр» атты романда жазушы бірнеше мәселені қатар көтере білген. Оның біріншісі – өнерге, екіншісі – туған жерге, үшіншісі – сүйген жарға деген махаббат. Негізгі тақырыптың бірі – өнер болса, ұндай алапаттың да, қандай қара күш иесінің де жөнсіз жаласы өнердің үнін өшіре алмайтындығын жазушы жеткізе суреттеді» [4, 424 б.] деп пікір білдіреді.

Роман ішінара «Ойда жоқта ұшырасқан келіншек», «Жайма базардағы жолығыс», «Қыз алып қашу, «Үзілмей келе жатқан үміт», «Отыз жыл өткенде» бөлімдерден тұрады. Әр бөлімнің атқарар өз жүгі бар. Әтіке ақын, әнші, сері. Қазақ арасындағы ойын сауық, той думан Әтікесіз өтпейді. Халық арасында әншілігімен, ақындығымен танылып келе жатқан жас өнерпаз. «Типтік тұлғаның өзге кейіпкерлер әлемінен оқшау, дара, кейбір ерекшеліктері де бар. Олар біріншіден, типтік тұлғаны немесе типтік тұлғаларды негізінен әдетте бас кейіпкерлер санатынан көреміз, танимыз. Екіншіден, бас кейіпкердің-типтік тұлғаның атқаратын функциясы маңызды да ауыр. Оның тұлғасы шығармада көтерілген қоғамдық өзекті проблемалармен, тақырыппен, туынды идеясымен тығыз байланысты. Әрине күрес-таргысы, тағдыр-ғалайы, бейнеленген әрбір көркем бейне автор үшін ардақты, мәнді екені даусыз. Алайда тақырыптың көркемдік шешімін табуы, идеяның көркем дәлелденіп, танылуы ең алдымен типтік тұлға болмысына тәуелді. Сондықтан да қаламгерлер шығарма жазу процесі барысында бірінші кезекте осындай тұлғалар тағдырына мақсатты түрде басты назар аударып, олардың адамдық-азаматтық келбетінің қалыптасу эволюциясын уақыт, қоғам шындығы шеңберінде неғұрлым жан-жақты әрі шынайы бейнелеп-бедерлеуге барынша ұмтылады. Типтік тұлғаны бұлайша жақсылық-жаманды адамдық болмыс-бітімімен көрсету мақсатында автор оны сюжет желісіндегі негізі және кзге де тартыстарға қатыстырып, әлеуметтік маңызды түрлі оқиғалар, қарым-қатынастар ортасында көрсетеді» [3, 46 б.]. Романда Әтіке типтік бейне. Қаламгер қазақ халқында бар таланттылық, суырып салма айтыскерлік, әнші, ақын, серілік, тектілікті, «сегіз қырлы, бір сырлы» қасиетті Әтікенің бойына жинақтаған. Әтіке арқылы қазақ халқында ғана бар осы асыл қасиетті паш еткен.

«Қандай да роман махаббат тақырыбымен арқауланады. Бұл мәңгілік тақырып алпысыншы-тоқсаныншы жылдардың әдеби процесінде замандас тұлғасын, оның рухани әлемінің сұлулығын, ізгі істерге жомарттығын, көрсету мақсатын көздеді» [5, 123 б.]. Роман жоғарыда аталған уақытта жазылғанымен, уақыт кеңістігі қазақ даласындағы кеңес өкіметінің орнау тұсын суреттеген. Әғни, мәңгілік тақырып – махаббаттың қай заманда да өз рөлін жоғалтпай, шығармаларда басты оқиғаларға арқау бола алатындығын көреміз. Романның басты тақырыбы да, басты кейіпкерлер Әтіке мен Қайныкештің арасындағы опасыздық пен сатқындықтың құрбанына айналған махаббат жайлы болғанымен, шығарма барысында сюжет желісі күрделене, оқиға барысы заманның сол кездегі ағымына қарай ойысып, терең тартыс арқылы қоғамның сол кездегі бейнесін ашып көрсетеді.

«Халық басында болған түрлі ауыртпалықтарды терең сипаттап, асқақ арман, зор болашағын жырлай білген халық өкілдерінің жарқын образын жасауда көркемдік бояуы ажарлана түсетін реалистік шығармалар әркезде ақ халықтық сипатымен көрінеді. Ел мүддесін, халық тілегін ақтай білген шығарма ғана өз оқушысын табады, зұлымдыққа қарсы аттанып, ізгілік үшін күресіп, әдебиеттің халықтығын айқындай түсетін белгілер» [6, 28 б.].

Романдағы сюжет желісі басты кейіпкерлердің өмірін, тағдырын басты назарға ұстай отырып, осы екі жас арқылы жазушы сол замандағы аласапыран, сол кезеңдегі ел тынысы, тіршілігі, туған жер мен ел тарихы романда өзара кіріге жымдасып, шығарма сюжетін ширықтыра түскен.

Роман басында Әтікенің әншілігі мен серілігі, қазақы ауылдың салт-дәстүрі, өзіндік ерекшеліктері суреттеле отырып, Әтіке мен Қайныкеш арасындағы енді ғана бұр жарып келе жатқан пәк махаббат бірте-бірте ширыққан тартысқа ұласады.

Шығарманың шиеленіскен тұсы баласын абайсызда өлтіріп алған Жайтудың арам іс-әрекеті арқылы көрінеді. Өмір бар жерде адалдық, адамдық, жақсылық, ізгілікпен қатар, опасыздық, жамандық, сатқындық дегеннің қатар жүретіні белгілі. Жазушы адам баласының бойындағы бір-біріне қарама-қарсы осы мінез-құлықты шығарма барысында әр түрлі кейіпкерлер бойына жинақтаған. Жазушы шығармадағы негізгі оқиғаның ушығып, ширыға түсуін Жайту мен Байтудың пасық іс-әрекеттері мен олардың жалғыз қарындасы Жамалханның аярылығы арқылы көрсете білген. Оқиғаның шиеленісіп өрбуіне мінез-құлқының сан құбылып, бірде шын ниетімен жаны ашып, бірде қызғаншақтығымен көзге түскен кейіпкерлердің бірі – Жамалхан. Қайныкештің бар асыл арманын, ішкі жан-сырын біле тұра, сырлас-мұңдасы бола тұра опасыздық танытып, өмірінің бірден басқа арнаға бұрылып кетуіне де себепкер болған осы жеңгесі Жамалхан. Өмірдің ақ пен қарасы, жақсылық пен жамандығы қатар жүретіндігін автор Жамалханның іс-әрекеті арқылы шебер бере білген. Өз сүйгеніне қосыла алмаған

Жәмихан басқалардың да бақытты өміріне қызғанышпен қарап, алайда оны сездірмеуге аярығы жететін Жамалхан образы сюжет желісі күрделене түседі. Оның аярылығын, обал-сауапты білмейтін, өз бақытсыздығын айналасындағы адамдардан ош алу іс-әрекетінде көрсетіп, бейнелеп отырады. Адам баласының дүние есігін ашқанда жаны таза, пәк, пейілі тұзу болып келіп, өмірдің әр түрлі соқтықпалы, соқпақты жолдарында қатыгездік пен өшпенділікке айналуы да тағдыр тәлкегіне ұшыраған адамның мінез-құлқы мен алған тәрбиесіне байланысты екендігі белгілі. Шығармадағы Жамалхан да жас кезінде жаны нәзік, таза жан еді. Оны да аярлыққа, қатгездікке үйреткен өмір. Сондай жанға айналуына себепкер болған туған ағасы Жайту. Өз сүйгеніне бермей, жалғыз қарындасын жүйрік атқа айырбастап жіберген Жайтудың іс-әрекеті арқылы сюжет желісі шым-шытырық тартыс үстінде ширыға түседі. Б. Нұржекеұлы адам жанының әр түрлі иірімдеріне тереңдеп барып, жан-жақты көрсету үшін, өз қаһарманының тағдырын қилы-қилы қиындыққа толы әр түрлі тартысқа толы оқиғалармен байланыстырып отырады. Жазушы Жамалхан образы арқылы шығармада батыл да, қайсар, ағасы Жайту мен өмірге деген өкпесі өзегін өртеген жанның опасыздыққа да бара алатындығын танытқан. Жамалхан бейнесі шығармада әрі жинақталған, әрі дараланған күрделі образдың бірі. Жазушы шығарманың шарықтау шегін Өтікенің кек алуы жолымен сипаттайды. Қайныкешті күшпен тартып алып, жолдасын шейіт еткен Жайтудан кек алып, өзі жоғалып кеткен Өтіке әрекеті шығарма сюжетін ширықтыра түседі.

«Қазақ романы қай тақырыпта қалам тербемесін, суртеттеп отырған дәуірінің тарихи бейнесін алуан типті характер сомдау тәсілімен кескіндеуге тырысатынын байқаймыз». [5, 141 б.]. Қаламгер романдағы әрбір кейіпкер арқылы, кейіпкерлердің образдары арқылы замана тынысын терең суреттеуде шеберлігін көрсете білген. Шығармада бірақ рет жарқ етіп көрініп, осы көрінуінің өзі бүкіл шығарма бойына арқау болған келесі бейне Өнес образы. Ол қажының ұзатылып кеткен тұрмыстағы қызы. Өнес те сол кезеңнің құрбаны. Өзі сүймеген, көңілі қаламаған жанға еріксіз тұрмысқа шыққан жан. Заманның салтынан аса алмай, тағдырына да риза бола алмаған жанның өзгеге де өшпенділігін пендешікпен әске асыратындығы белгілі. Бұл да ашынған, көкірегі ызаға булыққан жанның болмысы. Әр образдың сыртқы портреті мен ішкі жандүниесі сай келе бермейтіндігін жазушы романда өз кейіпкерлері арқылы дәлелдеп берді.

Той үстінде әнімен сайысқа түсіп, ел ықыласына бөленген әнші жігіт сыртқы сұлулығын одан әрмен әшекейлеп әнші жігіттің жүрегін суырып әкеткендей әсерде бейнеленуі жазушының адам жанының ішкі иірімдеріне терең бойлап, бетке шыққан ішкі әлемдегі өзгерістер түрленіп, бейнеленеді.

Өтікеге адам салған Өнестің іс-әрекеті арқылы жазушы шығарма кейіпкерлерін әлеуметтік тартыстар аясында суреттей отырып, сол заманның

өзіндік болмысын, уақыт тынысын танытады. Шығарманың «Ойда жоқта ұшырасқан келіншек» бөлімінде ғана жалт етіп бір көрінген Әнес образы арқылы жазушы алдағы сюжет желісінің шым-шытырық тартысқа толы болатынан хабардар етеді.

«Күтумен кешкен ғұмыр» романының соңында арғы беттен өткен Жүнісбектің аузынан Әтікенің әнін тыңдап, оның ол жақта жоқ ескенің естіген Қайныкеш көңілі бұзылып, жүрегі сыр береді. Романның аты айтып тұрғандай басқаның жары бола тұра, өмір бойы тек жүрегінде, көңілінің түкпірінде бейнесін сақтаған Әтікені күтумен өткен қмірі енді бір рет болса да көргісі келеді. Кезінде арғы бетке алмағайып заманның толқынымен ауып кеткендердің бергі бетке өтіп жатыр екен деген хабарды ести сала көңілі алабұрттып, Әтікені іздеуі де тегін емес еді. «...ел өтіп жатыр» деген хабарды құлағы шалғалы Байтуды емес, Әтікені көрсем деп аңсайды. Көкірегіне қыз күнінде қылтып өнген сол көктесінді ешбір күш әлі күнге жұлып тастай алмай келеді. Әтіке екеуінің арасындағы қатынастар айтылып бітпеген әңгіме тәрізді, арада қырық жылға жуық уақыт өтсе де, көңіл шіркін алаңдап соны іздейді, көкейіндегі көп түйткіл тынышын алып, қаракүйеше кеудесін іштен кеулеп жатқан сияқтанады» [7, 160 б.]. Қартайған шағында Әтікені көргісі келген Қайныкеш бейнесін автор осылай суреттейді. Романның да тақырыбының ашылар тұсы осында. Өмір бойы тек Әтікені ғана жүрегіннің түкпірінде сақтап келген Қайныкеш енді Әтікенің ең болмаса әнін есту мақсатында елге арғы беттен өткен Әнес деген әншімен жолығуға асығады.

«Баркөрнеу, балаңмын деп бұлаңдаймын,

Кеммін деп, кедеймін деп ұялмаймын.

Іздесем шеттен байлық табар да едім,

Туған жер тек өзінді қия алмаймын»

– деп жырлаған Әтікенің туған жерін тастап, бассауғалап, елден кетуі мүмкін еместігін түсінген Қайныкештің жүрегі сыр береді. «Сыртқа шыққанда, көзіне әуелі сарғайып батып бара жатқан күн шалынды. Ауылдың үстіне көтерілген шаңнан ба екен, әйтеуір еңкейәп бара жатқан күн ауру адамның көзіндей боп, тым сарғыш тартып тұр екен.» [7, 188]. Автор Әтікенің бұл өмірде жоқ екенін түсінген Қайныкеш бейнесін пейзаж арқылы психологиялық паралелизммен шебер көрсете білген. Басқаның жары бола тұра, сүйгенін өмір бойы күткен жүрек бұл дүниеде оның жоқ екенін білген сәтте соғуын тоқтатты. Алмағайып заманда арғы бетке өтіп кеткен шығар деген үмітпен өмір сүрген Қайныкештің бүкіл өмірі Әтікені күтумен өткендігін автор нанымды суреттеген. «Ұланғайыр тарихи оқиғалар ауқымын қандай шығармаларға да тізіп сыйғызу қиын. Олай ету көркем әдебиетке қажет те емес. Оқиғалар мен байланыстарды адам тағдыры, өмірі, оның күйініш-сүйініші арқылы көрсету шарт» – деп Р. Бердібаевтың роман шартына байланысты берген тұжырымын

жазушы да ұстанғандығын шығарма сюжетінен байқаймыз [8, 87 б.].

Қорытынды. Б. Нұржекеұлы суреткерлік қолтаңбасымен, прозадағы соны ізденісімен қазақ әдебиетінде өз орнын иеленген қаламгер. Романдағы басты кейіпкер Әтіке қазақ даласында заманның аумалы-төкпелі уақытына тап келген жинақталған әрі дараланған тұлға. Тарихта қаншама өнер тұнған асыл ерлердің белгісіз, өмірде ізі де қалмай өтіп кеткендігін көреміз. Бұл тұрғыдан қаламгер тарихи шындықты көркем шындыққа астастырып, күрделі дүние туғызған. Қ. Жұмаділов «тарихи бейне – шынайы оқиғаның көшірмесі» [9, 23 б.] деп атап көрсеткен. Яғни, тарихи ұлттық тұлғалардың типтік образын жасау арқылы өскелең ұрпақты өз кезінде жабық жатқан өткен тарихымыздың ақтаңдақ беттерімен қайта қауыштырды.

Жазушы қаламынан шыққан түрлі тақырыптағы тамаша шығармалар қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосты. Қаламгер шығармалары түрлі сюжетке құрылғанымен, тақырып пен идеялық мақсат тұрғысынан бір-бірімен іштей сабақтастық тауып, образдар әдемі жағынан өзара байланысып, тұтастық сипат алатындығымен бағалы. Академик З. Ахметов әдебиеттегі көркемдік ой сезімдердің әр бір халықтың өзіндік көзқарастары тұрғысында қалыптасатындығын айта келіп: «Әдебиет алдымен ұлттық негізде пайда болып, дәстүрлі түрде одан ары жалғасады... Алайда, ешбір халықтың әдебиеті томаға-тұйық, басқа елдердің әдебиетінен оқшау дамымайды. Басқа халықтардың әдебиеті мен мәдениетінен сусындап, өмір қажеттілігіне орай, олардың жетістіктерін, көркемдік тәжірибесін өз бойына сіңіріп отырады», – дейді [10, 53 б.]. Ұлттық әдебиеттердің әрқайсысы өзіндік даму жолында ұқсас сатылардан өтіп отырады. Яғни, көркем ой дамуын бір арнаға бағыттап тұратын әдебиеттің өзіндік жүйелі заңдылықтары бар. Мысалы, классицизмнің романтизмге, романтизмнің реализмге, натурализмге, модернизмге, постмодернизмге ұласып отыруы көркемдік жүйелердің біртұтастығы мен идеялық-көркемдік ортақ шарттардың жемісі. Кейінгі жылдардағы тарихи-салыстырмалы әдебиеттану әр түрлі аймақтар мен елдер әдебиетіндегі осындай айрықша ұқсастықтарды аңғарып отыр.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Ыбырайым, Б.** Көркемдік көкжиегі. – Алматы : Жазушы, 1981. – 262 б.
- 2 **Қирабаев, С.** Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 464 б.
- 3 **Мақпырұлы, С.** Адамтану өнері. – Алматы : Арыс баспасы, 2009. – 214 б.
- 4 Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды : Экожан, 2010. – 512 б.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2008. – 998 б.

- 6 Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы : Ғылым, 1980. – 367 б.
- 7 **Нұржекеев, Б.** Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1985. – 642 б.
- 8 **Бердібаев, Р.** Ғасырлар толғауы. – Алматы : Жазушы, 1977. – 320 б.
- 9 **Жұмаділов, Қ.** Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Қазығұрт, 2004. – Б. 226–243.
- 10 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 240 б.

References

- 1 **Ybyraiyim, B.** Kórkemdik kókjegi. [Ybyraiyim B. Artistic horizon]. – Almaty : Writer, 1981. – 262 p.
- 2 **Qirabaev, S.** Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. T.5. [Kirabaev S. Multi-volume collection of works]. Vol. 5. – Almaty : Kazygurt, 2007. – 464 p.
- 3 **Maqpyruly, S.** Adamtaný óneri. [Makpyuly S. The art of human studies]. – Almaty : Arys publishing house, 2009. – 214 p.
- 4 Qazaq kórkem sóziniń sheberleri. [Masters of the Kazakh artistic word]. – Karaganda : Ekozhan, 2010. – 512 p.
- 5 Qazaq ádebietiniń tarıhy. On tomdyq. 9-tom. [The history of the Kazakh literature. In ten volumes]. Volume 9. – Almaty : Kazinform, 2008. – 998 p.
- 6 Dástúr jáne jańashyldyq. [Tradition and innovation]. – Almaty : Science, 1980. – 367 p.
- 7 **Nurjekeev, B.** Eki tomdyq tańdamaly shyǵarmalar jınaǵy. [Nurzhekeev B. Collection of selected works in two volumes]. – Almaty : Writer, 1985. – 642 p.]
- 8 **Berdibaev, R.** Ǵasyrlar tolǵaǵy. [Berdibaev R. Voice of centuries]. – Almaty : Writer, 1977. – 320 p.
- 9 **Jumadilov, Q.** On eki tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Zhumadilov K. Collection of works in twelve volumes]. – Almaty : Kazygurt, 2004, P.226-243.]
- 10 Ádebiettaný terminderiniń sózdigi / Qurastyrǵandar Z. Ahmetov, T. Shanbaev. [Dictionary of literary terms / compiled by Z. Akhmetov, T. Shanbaev]. – Almaty : Ana tili, 1996. – 240 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Б. С. Бегманова, Б. М. Султанова

Образ времени в романе «В ожидании» Б. Нуржекеулы

Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

B. S. Begmanova, B. M. Sultanova

The image of time in the novel «in waiting» by B. Nurzhekeuly

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 10.06.20.

В статье анализируется роман «В ожидании», написанный Б. Нуржекеулы, одним из наших любимых писателей, который обладает уникальным авторским своеобразием в художественном развитии нашей национальной литературы и вносит неоценимый вклад в казахское искусство слова.

Очевидно, что в художественной литературе описываются различные стороны жизни. Читатель познает прошлое и настоящее истории через произведение. В семидесятые годы двадцатого века писатель стремился проникнуть в литературу и создать новый способ мышления в казахской прозе, со своей особенностью казахской прозы и собственным путем. Прозаические произведения из пера писателя – успешная работа, которая теперь включена в золотой фонд казахской литературы. В казахской литературе писатель, узнаваемый своим новым шедевром, пришел к сердцу читателя со своими произведениями, которые он стремится воспринимать как свою собственную жизнь, свою личность и свою галерею личности. Написанный автором роман «В ожидании» рассказывает о великих переменных, произошедших в казахских стенах в начале прошлого века, и ряда исторических событий, которые пережил казахский народ. В романе говорится о серьезном историческом эпизоде, который имеет сильную традицию, национальный менталитет, и сильную национальную идентичность.

Ключевые слова: проза, роман, история, литературоведение, теория, художественное произведение, сюжет.

The article analyzes the novel «In Waiting» written by B. Nurzhekeuly, one of our favorite writers, who has a unique personal originality in the artistic development of our national literature and makes an invaluable contribution to the Kazakh word art.

It is obvious that are described aspects of life in the literature the different. The reader learns the past and present of history through the work. In the seventies of the twentieth century, the writer sought to penetrate into literature and create a new way of thinking in Kazakh prose, with its own peculiarity of Kazakh prose and its own way. Prose works from the pen of

the writer are the successful work, which is now included in the Golden Fund of Kazakh literature. In Kazakh literature, the writer, recognized by his new masterpiece, came to the heart of the reader with his works, which he seeks to perceive as his own life, his personality and his gallery of personality. The novel «In Waiting» written by the author tells about the great changes that took place in the Kazakh steppes at the beginning of the last century, and a number of historical events that the Kazakh people experienced. The novel is about a serious historical episode that has a strong tradition, a national mentality, and a strong national identity.

Keywords: prose, novel, history, literary studies, theory, piece of art, plot.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.
Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz